

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы
ЖШС «Айболған» бебекжай балабакшасы

Балабақша мейгеруинісі
Естаярова В.



Педагогикалық кеңестің хаттамалары 2021-2022 оку жылы



Қазығұрт

ЖШС «Айболған» бөбекжай балабақшасы

Педагогикалық кеңестің хаттамасы

№1

Қазығұрт е.м

27.08.2021ж

Катысқандар:10

Күн тәртібі

Жаңа оқу жылында қолдануға тиісті нормативті құжаттармен танысу

1. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектеп алды сыныптарында 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.
2. «Айболған» балабақшасының 2021-2022 оқу жылының жылдық жоспарымен таныстыру және бекіту.
3. – оқу жылына топтардың жас ерекшелігіне қарай жылдық жоспармен және ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесімен таныстыру және бекіту. Оқу жылындағы вариативтік оқу қызметтерін талдау және бекіту.
4. Топтардың оқу жылына дайындығы тексеру қорытындысы.
5. 2020-2021 оқу жылындағы аттестаттаудан өткен педагогтарға куәлік беру. 2021-2022 оқу жылында аттестаттауданөтулерінің ересесімен таныстыру.

Тындалды:

Балабақша менгерушісі Естайова Балкия жаңа оқу жылымен педагогтарды құттықтап өтті. Балабақшамызды ұжымшылдықпен жұмыс жасауымызды айтып өтті. Педагогтарға шығармашылық табыс жұмыстарына сәттілік тіледі.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша тындалды:

1. Әдіскер Нурлыбекова Майя Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектеп алды сыныптарында 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстырып өтті.

2. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы туралы әдіскер Нұрлышекова Майя2021-2022 оқу жылындағы өзгерістер туралы айтып өтті. Жәнеде топ тәрбиешілеріне оқу құралдары,кітаптар жәже көрнекіліктер болуын нақтыладап айтып өтті.
3. 2021-2022 оқу жылына төрт топтың вариативтік оқу қызметінің тақырыптары талқыланды. МАД тобына 3 тақырып берілді тірбиешілерімен ақылдаса келе «шешендік сөздер» «бейнелеу өнері» «Ертегілер елінде» атты тақырыптар алынды. Ересек топқа ақылдаса келе «Бейнелеу өнері» «шешендік сөздер» 2 тақырып қойылды. Ортаңғы топтарға 2 сағат берілді «Ертегілер елінде» «Шебер қолдар» әдіскермен ақылдасып шешілді.
4. Топ тәрбиешілердің жаңа оқу жылына дайындықтарын тексерілді.

Педагогикалық кенес төрайым:



Естаяуова Б

Хатшы:



Нұрлышекова М

ЖШС «Айболған» бөбекжай балабақшасы

Қазығұрт с.м

26.11.2021жыл

Педагогикалық кеңестің хаттамасы

№2

Катысуга тиісті: 10

Катысқандар: 10

Катыспаганы: 0

Күн тәртібіндегі:

Әр баланың танымдық іс - әрекетінің жеке дамуына ықпал ету мүмкіндігтері, бала үні

1. Ересек топтагы балалардың танымдық белсенелілігін арттыру мақсатындағы педагогикалық ойындардың рөлі
2. Құрылымдалған және еркін ойындардың бала дамуына әсері
3. Кіші топтардағы балалардың сенсорикалық танымдық қабілеттерін арттыру мақсатында қолданылатын ойындардың бала дамуына әсері

Тыңдалды:

Балабақша менгерушісі Естауова Балқия кезекті педагогикалық кеңесті ашып берді. Жұмысқа балаалардың денсаулығына неміұрайлы қарамауымызды нақтылап айтып өтті. Балаларға тәртіп тәрбие беруімізді атап өтті.

1. Әдіскер Нурлыбекова Майя балаларға қандай ойын түрлері қызық екенін айттып өтті.

Ойынның алғашқы дағдыларды қалыптастыруға көмектесетіні ғылыми тұрғыда дәлелденген. Баланың алеуметтенуі үшін, оған өзгелерді түсіну, олардың орнына өзін қойып, көзқарасын түсінуі керек. Мысалы, «дәрігер» болып ойнау: «Мен дәрігермін, менің емделушім бар. Онымен қарым-қатынас жасауда белгілі бір ережелерді сақтау керек» деген бір қараганда қарапайым дағдыларды қалыптастыруға септігін тигізеді.

Балалар бірге ойнап, бірге өсуі керек. Үлкен қалалардағы балалар көбіне оқшауланып өседі. Ересектердің: «Қане, аманда! Сен де сұрасаныш!» дегені, байланыс жасау дағдыларына үйрету емес, барып тұрған - қысым көрсету.

4-5 жасар бала сюжетті-рөлдік ойындарға құмар келеді. Оның пайдасы да аз емес. Мәселен, қыз бала «ана мен бала» ойнын ойнап, ананың атқаратын

рөлін, жауапкершілігін сезіне бастайды. Бұл жастағы балаларға ойын ойнауга арналған жартыс сағат аздық етеді.

2. мәселе жайлыштырылған «Ойын баланың алдынан өмір есігін анып оның шығармашылық қабілетін дамытады, ойынсыз ақыл-ойдаң қалыптасуы мүмкін емес» В.А Сухомлинский. Жаңа қогамға лайықты тұлғаны қалыптастыруды баланың жасын, даму ерекшелігін, айрықша қабілетін ескере отырып, ақыл-ой, еңбек, дене, эстетикалық тәрбие, сапасын жақсарту қажет. Баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа технологиялар қызықтырады. Бала тәрбиесінде жаңа технологияны қолдану – баланы жан – жақты терең ашуға, оған бағыт бағдар беріп жағымды әсер етуге, зейнін көтеруге, белсенділігін арттыруға септігін тигізеді. Мектеп жасына дейінгі балалар білуге тиісті қарапайым білім негіздерін негұрлым тереңірек меңгеріп отырып олардың ой – өрісін, білім дағдысы деңгейін, кеңейту, сана сезімін, таным қабылдау әрекетін дамыту, білімге қызығушылықта баулып, баланың өздігінен еңбектену белсенділігін қалыптастыру қажет. Осындай мақсатта қоғам дамуының айқындағытын негізгі көрсеткіштердің бірі – ақпараттану болғандықтан, бүгінгі адамзаттың шығармашылық әрекетінің нәтижесі компьютердердің де маңызы зор. Оқу іс-әрекеттерінде интербелсенді тақтаниң мүмкіндіктерін пайдалана отырып, қызықты өткізуге тырысамын.

Инновациялық технологиялардың ерекшелігі – білімді жастаға меңгерту емес, балалардың өз бетінше меңгеруіне үмтүлатындығында. Ол есту, көру қабілеттерін арттыруға, сөздік қорын ауызша дамытуға бағытталады. Жаңа технологияларды пайдалана отырып оқыту арқылы балаларды мынадай жетістіктерге қол жеткіздім. Әр бала өз бетімен жұмыс істеуге дағыланды, әр баланың жеке қабілеті анықталды; бір – бірімен бәсекеге түссе алады, өзін – өзі бағалай алады, қорытынды жасай алады. Деп айттың өтті.

3. Сенсорика – бұл заттардың сыртқы қасиеттері туралы ойларды қалыптастырады: олардың пішіні, түсі, қолемі, кеңістіктегі орналасуы, сонымен қатар ісі, дәмі т.б. Мектепке дейінгі жаста сенсорлық дамудың мәнін бағалау қын. Дағ осы жаста сезім мүшелерінің әрекетін жетілдіру, қоршаған орта туралы білімін жинақтауға қолайлы кез. Сенсорлық даму, бір жағынан баланың жалпы ақыл-ойының дамуының іргетасын құрайды, бір жағынан өзіндік мәні бар, ойткени толыққанды қабылдау баланы балабақшада, мектепте оқыту үшін қажет. Қоршаған орта құбылыстары мен заттарын қабылдаудан тану басталады. Танудың басқа түрлері – есте сақтау, ойлау, елестету – қабылдау негізінде құралады. Сондықтан қалыпты ақыл-ойдаң дамуы толыққанды қабылдауға сүйенусіз мүмкін емес. Мектепке дейінгі педагогика саласындағы атақты шетелдік ғалым О.Декроли толыққанды сенсорлық дамуды қамтамасыз етуге бағытталған сенсорлық тәрбие мектепке дейінгі тәрбиелеудің негізгі жағы болып саналатынын айтқан. Баланың саусақтарының қимылды немесе ұсақ моториканың жақсы жетіліп дамуы, ол мидаң және тілдің жетілуімен тікелей байланысты, Сақыбай Гүлайым тәрбиесі қысқаша айтты өтті.

Педагогикалық кеңес тәрайымы:
Хатыны:



Естауова Б
Нұрлыбекова М

ЖШС «Айболған» бөбекжай балабақшасы

Педагогикалық кеңестің хаттамасы

№3

Казығұрт е.м

11.01.2022ж

Катысқандар:10

Күн тәртібі

Такырыбы: «Инновациялық технология арқылы балалардың шығармашылық, танымдық қабілеттерін дамыту»

Максаты: педагогикалық ұжымның инновациялық технологияларды колдануын анықтау.

Күн тәртібінде:

- 1) «Балалардың сөйлеу тілі бұзылуының алдын алу»
- 2). "Мектеп жасына дейінгі балаларды музикалық тәрбиелеуде инновациялық технологияларды іс жүзінде қолдану.
- 3). «Мектеп жасына дейінгі балаларды қоршаған ортамен таныстырудың маңызы»
- 3.Бақылау корытындысы: «Педагогикалық үдерістегі инновациялар»
4. Іскерлік ойын: «Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамытуда жанаша ойын түрлері»

5.Ашық көрсетілімдер:

1. «Қыстап қалатын құстар»

Тәрбиеші: Сақыбай Г

Сұрақ бойынша бөбекжай менгерушісі Естауова Балқия №2 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы, яғни, білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сай білім беру саласы мазмұны бойынша заттық кеңістік ортаны, жабдықтау, ресурсты түрлендіру, Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды даярлық сыйыптарында 2021-2022 оку жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатта көрсетілгендей баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту

мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және баланың өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал ететін жабдықтармен толықтыру,

баланың сөйлеу мәдениеті мен логикалық ойлау қабілеттерінің деңгейін арттыру бойынша жүргізілген жұмыс, педагогтардың жеке шығармашылығын дамыту бойынша жүргізілген жұмыстары, ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері әдістемелік талаптарға сай, 4К моделін колдана отырып, СМАРТ мақсаттары анықталып жүйелі жұмыс жана инновациялық технологиялар, СМАРТ технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылу керектігі туралы айтты.

2. a). 2-ші сұрап бойынша Нурлыбекова Майя сөз алды:

- Сөйлеу бұзылыстарының саны жылдан жылға артып келеді және бұл проблема өзекті бола түсіде. Алдын алудың келесі түрлеріне назар аудару керек, бұл сөйлеу бұзылыстарының санын азайтуға ғана емес, олардың кейбіреулерінің алдын алуға да көмектеседі.

- Дұрыс сөйлеу ортасын ұйымдастыру.

-есту зейінін, фонемалық есту және қабылдауды дамыту.

- сөйлеу тыныс алуының дамуы.

- сөйлеу тілінің моторлы аймағын дамыту

Фонемалық есту мен қабылдаудың дамымауы дыбысты айтудың бұзылуына, сөздерді дыбыстық, слогдық және әріптік талдау дағдыларын қалыптастырудың кешігүіне әкеледі, бұл өз кезегінде мектептегі оқу мен жазудың бұзылуына әкеледі.

2 жастан 3 жасқа дейінгі балаларға арналған есту қабілеті мен фонемалық есту қабілеттерін дамыту ойындары.

"Кім көп дыбыс естиді? Не естілді?" Содан кейін дыбыстарды ажырату ойындары. Алдымен пайдаланады заттар, қатты ерекшеленетін дыбысталуы бойынша. Мысалы, карындаш соғу және кағаздың дірілдеуі, ойыншық пен мылжының дыбысы, содан кейін олар бір-бірінен құрт ерекшеленбейді, бірақ осы жастағы бала оларды ажырата алатындей болу керек.

Біз дыбыстарды құлағымызбен естіміз. Дыбыстардан сөздер алынады. Сөздер ұзын-оларда әр түрлі дыбыстар бар, ал қысқа-оларда аз дыбыстар бар. Мысалы, орманда аласып, адамдар: "Ay" деп айқайлайды! Бұл қысқа сөз, оның дыбыстары аз (бұл сөзде тек 2 дыбыс бар екенін біліп, қай дыбыстың бірінші, қайсысы екінші екенін анықтаңыз). Сөз сол "витаминдер" - бұл ұзақ сөз, оның дыбыстары көп. Әрі қарай, сіз баладан көптеген дыбыстар (ұзын сөздер), аз дыбыстар (қысқа сөздер) бар сөздерді ойлап табуды сұрай аласыз.

2. Окшауланған сөйлеу дыбыстарын ажыратуға арналған ойындар. Бұл "дыбысты үстап алу" сияқты ойындар (мұны бұрын білмеген балалар үшін).
3. Окшауланған дауыссыз дыбыстарды дыбыс-санырау арқылы ажыратуға арналған ойындар (бұрын білмеген адамдар үшін).

4. Жалпы дауысты дыбыстары бар, бірақ әр түрлі дауыссыз дыбыстары бар буын серияларын қайталауға арналған ойындар тек дыбыс – санырау ғана емес, сонымен қатар қаттылық – жұмсақтық (ма-Ма-ма, ма - ма-ма, мя-мя-ма және т.
- 6). Тәрбиеші Муталиева Ш «Мектеп жасына дейінгі, балаларды коршаған ортамен таныстырудың маңызы» тақырыбында презентациясын көрсетті.

«Баланы табиғатпен жастай таныстыра дамыту, оның өзіндік логикалық ойын, сөз қорының, санасының жетілуіне әсері мол екенін атап көрсеткен. Логикалық ойдың, пікірдің дамуы баланың келешекте рухының жоғары болуына, батыл пікір, нақты шешім айтуына және оны дәлелдеп беруге жетелейді.

Коршаған органды аялап, оны қамкорлыққа алып күту, табиғат жөнінде қарапайым білім бере отырып, тірі және өлі табиғаттағы құбылыстар жөнінде қарапайым ұғымдар қалыптастыру.

Максаты: Коршаған органды аялап, оны қамкорлыққа алып күту, табиғат жөнінде қарапайым білім бере отырып, тірі және өлі табиғаттағы құбылыстар жөнінде қарапайым ұғымдар қалыптастыру.

Коршаған органды аялап, оны қамкорлыққа алып күту, табиғат жөнінде қарапайым білім бере отыра, тірі және өлі табиғаттағы құбылыстар жөнінде қарапайым ұғымдарды қалыптастырады. Адам – адам болып туып адам болып қалуы үшін табиғаттың атқарар рөлі зор. Табиғат бөлшектері: жан – жануарлар дүниесі, өсімдіктер әлемі, өзен – сай, биік таулар, сағым тербекен сағым дала, бәрі - бәрі адамдардың ойына – сана, денесіне – куат, бойына – күш, өнеріне шабыт, көңіліне қанат береді. Сондыктан, мектеп жасына дейінгі балаларға коршаған органды қорғауды түсіндіріп, сүйіспеншілігін арттырып, маңызын түсіндіру кажет.

3. сұрап бойынша бөбекжай әдіскері Нурлыбекова Майя «Педагогикалық үдерістегі инновациялар» тақырыбында бакылау қорытындысын оқыды.

Инновацияларды енгізу үшін бөбекжайдың жағдайларды талдағаннан кейін келесі қорытынды жасауға болады:

1. Педагогтар инновациялар туралы ақпараттандырылған, инновациялық қызметті сәтті жүзеге асыру үшін жеткілікті білімі, дағдылары мен әлеуеті бар, өзін-өзі тәрбиелеумен айналысады, әртүрлі іс-шараларға қатыса отырып, өздерін шығармашылықпен көрсетуге тырысады. Интернет ресурстарын колдана алады. Электронды почтаны пайдалана алады.
2. Педагогтар үшін әдістемелік көмек ұйымдастырылады, әдістемелік құралдар да бар. Әдістемелік кабинетте көрнекіліктерді дайындауға арналған түптеуіш және брошюратор, 2 компьютер, 1 ноутбук бар. Әдістемелік құралдар, балаларға арналған сөйлейтін қалам «Даналық әліппесі» педагогтар үшін қол жетімді. Білім беру процесін қамтамасыз ететін материалдық-техникалық база қазіргі заманғы таланттарға сәйкес келеді.
3. Инновациялық мақсаттарға қол жеткізу үшін пәндей-дамытушылық орта педагогтардың шығармашылығымен балалардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып жасакталып келеді, сонғы жылдары балалардың танымдық

қызығушылығын тудыратын жиналмалы кітапша Ләпбұктармен толыкты. Денсаулық орталығында дәстүрден тыс құрал –жабдықтар колданылады.

4. Ата –аналармен ынтымактастық жұмыс жоспарына сай сурет және қолөнер көрмелері ұйымдастырылады. Елдегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты ата-аналарга сауалнама Google Диск арқылы жүргізіліп келеді. Ертеңгіліктер ата-аналар үшін инстаграм желісі арқылы тікелей көрсетілім жүргізуімен ұйымдастырылып келеді.

Корытындылар:

- Инновациялық қызмет бойынша жұмыс мектепке дейінгі ұйымның жылдық міндеттеріне сәйкес жүзеге асырылады.
- Жұмыстың инновациялық түрлері білім беру үдерісінің барлық қатысуышыларын – балаларды, педагогтар мен ата-аналарды қамтиды.
- Педагогтердің инновациялық қызметті табысты іске асыру үшін жеткілікті білімі, іскерлігі және әлеуеті бар. Олар инновациялық бағыттағы әртүрлі әдістемелік іс-шараларға қатысады: конкурстар, семинарлар, іскерлік ойындар, тренингтер, жобалау қызметі және т.б.
- МДҰ материалдық-техникалық базасы заманауи талаптарға сай, үнемі жаңартылып, жетілдіріліп отырады.

Ұсынымдар: Педагогикалық ұжымның қызметінде инновациялық бағытты жүзеге асыруды және жетілдіруді жалғастыру, инновациялық қызметті сәтті жүргізу үшін бөбекжайдының акпараттық, әдістемелік, материалдық-техникалық базасын дамыту. Педагогтарға осы бағыттағы құзыреттілікті өздігінен білім алу және аттестатталудан өту арқылы арттыру жалғастырылсын. Ата-аналармен бірге іс-шараларға көбірек көніл бөлу ұсынылды.

Шешімі:

1. №2 педагогикалық кеңестің орындалуы қанағаттарлық деп саналсын.
2. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық технологияларды кеңінен қолдану, жана әдістер мен тәсілдерді енгізу.

Жауапты: Барлық педагог

Мерзімі: Үнемі

3. Бакылау корытындысы бойынша педагогикалық үдерісті заман талабына сай ұйымдастыру, педагогтердің жеке шығармашылығын дамыту, педагогикалық инновацияларды қабылдау, өзгеріп жатқан педагогикалық ортағы бейімделу қабілетін қалыптастыру.

Жауапты: Барлық педагог

Мерзімі: Үнемі

5. Ашық ұйымдастырылған оқу кызметін жоспарлауда нақты SMART мақсатын айқындау, мектеп жасына дейінгі балаларда 4К моделі бойынша негізгі құзыреттерді креативтілік-шығармашылыққа деген кабілеттілік, жаһаны ойлап шығару мүмкіндігі, сыни ойлау технологиясын қолдану, коммуникативтілік-қарым-қатынас жасау, байланыс орнату, тіл табису, үйлесімділік орнату қабілеті мен командада жұмыс жасай білу дағдыларын қалыптастыру.

Жауапты: Тәрбиешілер, пән мұғалімдері

Мерзімі: Үнемі

6. Дамытушы органды жабдықтауда баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне мән беру, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және жабдықтар мен басқа да жараптармен толықтыру.

Жауапты: Барлық педагог

Мерзімі: Үнемі

Төрайымы:



Естаяуова Б

Хатшы:



Нұрлыйбекова М